

Есмаганбетова Айгерим Байлиевнаның 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қызмет көрсету бойынша техникалық реттеу саласында нормативтік құжаттарды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

## **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ**

**1. Өзектілігі, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу.** Мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын жүргізу қызметін техникалық реттеу саласындағы нормативтік құжаттар салалық нормативтік базаның халықаралық стандарттарға, нормалар мен талаптарға сай болуын қамтамасыз етуі тиіс. Қазіргі кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы, стандарттау талаптарының күрделенуі, сондай-ақ халықаралық тәжірибемен үйлестіру қажеттілігі тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген цифрлық трансформация тұжырымдамасында шашыраңқы кадастрларды бірыңғай ақпараттық кеңістікке біріктіру негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленген. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын жүргізуді техникалық реттеу саласындағы нормативтік құжаттарды жетілдіру өзекті мәселе болып табылады. Халықаралық стандарттау саласында ISO 19152:2012 «Geographic Information – Land Administration Domain Model (LADM)» стандарты жер ресурстарын басқару саласындағы ақпараттық модель ретінде эталондық құжат болып саналады. Алайда оның Қазақстанның ұлттық заңнамасына және қолданыстағы кадастрлық жүйеге бейімделуі жүйелі түрде жүзеге асырылмаған. Осыған байланысты диссертациялық зерттеудің мақсаты – мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын жүргізу бойынша техникалық реттеу саласындағы нормативтік құжаттарды жетілдіру болып белгіленген. Бұл мақсат қойылған міндеттерге – кадастрлық есептің қазіргі жағдайын зерттеуден бастап, ұлттық стандарт жобасын әзірлеуге дейінгі ауқымды жұмыстарды қамтиды.

**2. Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашуы.** Докторант Есмаганбетова А.Б. өз зерттеуінде стандарттау және техникалық реттеу саласындағы іргелі ғылыми ережелерге сүйенген. Жұмыста мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін жетілдіруге бағытталған теориялық және қолданбалы тәсілдер кеңінен қамтылған. Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы ғылыми таным әдістері – индукция, дедукция, талдау, синтез, жүйелік-құрылымдық тәсіл құрайды. Сонымен қатар стандарттау және өлшеу әдістері, салыстыру, мазмұнды жүйелік талдау, сапа менеджментінің статистикалық әдістері, формализациялау және математикалық модельдеу әдістері қолданылған.

Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері, шетелдік және отандық ұйымдардың кадастрлық қызметті жетілдіру жөніндегі материалдары, мемлекеттік статистика деректері, ғылыми

басылымдар мен интернет-ресурстар, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету процестеріне жүргізілген мониторинг нәтижелері құраған.

**3. Алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.** Докторанттың диссертациялық жұмысы дербес орындалған, теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу нәтижесінде келесідей ғылыми нәтижелер алынған:

– Кадастрлық ақпараттық математикалық модель әзірленген. Модель математикалық логиканың предикаттарын қолдану арқылы алынған, оның мәнділігі тексерілген. Бұл модель әртүрлі ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимылын формализациялайды.

– Жылжымайтын мүлік объектілерінің 3D моделін қалыптастырудың кеңейтілген технологиялық схемасы әзірленген. Схема деректерді жинау, өңдеу, сақтау және визуализациялаудың кезеңдерін, сондай-ақ деректер сапасына қойылатын талаптарды қамтиды.

– ҚР СТ ISO 19152 «Географиялық ақпарат. Жер ресурстарын басқару саласындағы ақпараттық модель» ұлттық стандартының жобасы әзірленген. Жоба халықаралық стандартты Қазақстанның ұлттық заңнамасына бейімдеу негізінде жасақталған.

– ISO 19152:2012 «Geographic Information – Land Administration Domain Model (LADM)» халықаралық стандартын Қазақстан аумағында қолдану жөнінде әдістемелік ұсыныстар әзірлеген.

– Халықаралық стандартты енгізудің іс-қимыл картасы ұсынылған, онда енгізу кезеңдері, мерзімдері, жауапты орындаушылар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Алынған нәтижелердің негізділігі жүргізілген талдаулардың тереңдігімен, қолданылған әдістердің дұрыстығымен және нәтижелердің халықаралық тәжірибемен салыстырылуымен расталады.

**4. Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.** Жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан бірізді және қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді. Бірінші бөлімде Қазақстан мен шет елдердегі кадастрлық есептің қазіргі жағдайына талдау жүргізілсе, екінші бөлімде зерттеу объектісі мен әдістері айқындалған. Үшінші бөлімде математикалық модель мен технологиялық схема әзірленген. Төртінші бөлімде стандарт жобасы, іс-қимыл картасы және әдістемелік ұсыныстар ұсынылған. Материалды баяндауы ғылыми талаптарға сай.

**5. Докторанттың зерттеуге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.** Ізденуші Есмаганбетова А.Б. диссертациялық зерттеуге елеулі үлес қосқан. Ол өз бетінше шетелдік және отандық кадастрлық жүйелерге кешенді талдау жүргізген, кадастрлық ақпараттық математикалық модельді әзірлеген, 3D модельдерді қалыптастырудың технологиялық схемасын ұсынған, ҚР СТ ISO 19152 «Географиялық ақпарат. Жер ресурстарын басқару саласындағы ақпараттық модель» ұлттық стандартының жобасын әзірлеген, ISO 19152:2012 «Geographic Information – Land Administration Domain Model (LADM)» стандартын гармонизациялаудың іс-қимыл картасын және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеген.

Зерттеу базасы ретінде «Азаматтарға арналған үкімет» КеАҚ Жер кадастры басқармасы филиалы алынған. Нәтижелер өндіріске енгізілген. Диссертация тақырыбы бойынша 11 ғылыми-әдістемелік жұмыс, оның ішінде Scopus базасында 2 мақала, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала, халықаралық конференцияларда 5 жарияланым және 1 әдістемелік ұсыныс жарияланған.

**6. Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.** Ізденуші Есмаганбетова А.Б. диссертациялық жұмысты орындау барысында өзін дербес және жауапты зерттеуші ретінде танытты. Ол заманауи ғылыми зерттеу әдістерін – стандарттау, математикалық модельдеу, жүйелік талдау және сапа менеджменті әдістерін меңгерген. Халықаралық стандарттармен жұмыс істеу, ұлттық стандарт жобасын әзірлеу тәжірибесі докторанттың техникалық реттеу және стандарттау саласындағы кәсіби құзыреттілігінің жоғары екенін көрсетеді.

**7. Қорытынды.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын жүргізуді техникалық реттеу саласындағы нормативтік құжаттарды жетілдіруге бағытталған. Докторант ұсынған математикалық модель, 3D-модельдерді қалыптастырудың технологиялық схемасы, ҚР СТ ISO 19152 «Географиялық ақпарат. Жер ресурстарын басқару саласындағы ақпараттық модель» ұлттық стандартының жобасы, іс-қимыл картасы мен әдістемелік ұсыныстар бірыңғай кешен құрайды. Жұмыстың мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі және өндіріске енгізілуі диссертацияның қойылған талаптарға жауап беретінін көрсетеді..

Осыған сүйене отырып, 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» ереженің талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы Есмаганбетова Айгерим Байлиевна ізденіп отырған ғылыми дәрежені алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

"Стандарттау, сертификаттау және

метрология" кафедрасының

қауымдастырылған профессоры,

а.ш.ғ.к., доцент



О.О. Дуйсенбекова